	<p><b>«Көңіл-күйді анықтау»</b>  Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .  Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп</p>	<p><b>"Сүйікті ертегілер" үстел үсті ойыны.</b>  Мақсат-міндеттері. Балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауды үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру.  <b>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Лото" үстел үсті ойыны (ауа райы).</b>  Мақсат-міндеттері. Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Таныс пішіндер доминосы".</b>  Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.  Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.  Барысы: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.  <b>(математика негіздері)</b></p>	<p><b>"Сыңарын тап" дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.  <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	---	---	---	---

**Таңертеңгі  
жаттығу**

**Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).**

1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
  - 1.1. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады.
  - 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).
2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.
  - 2.1. Қолды оң жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.
  - 2.2. Бастапқы қалып.
  - 2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады.
  - 2.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).
3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта.
  - 3.1. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.
  - 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).
4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.
  - 4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.
  - 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).

**(дене шынықтыру)**

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. <b>(сөйлеуді дамыту және әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. <b>(сөйлеуді дамыту және әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылық. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Біз құлпырамыз жаздың гүліндей, Күлімдейміз жарық күніндей. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>
--	--	--	--	---	---

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Зырылдайды трактор".  Мақсат-міндеттер.  Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру;  гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; шеңбердің ішіне және сыртына секіруге жаттықтыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Шаршағанымызды басайық".  Мақсат-міндеттер.  Балаларда баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; қимылды ойындар арқылы допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Музыка</b>  "Алақай, жаз келді!"  Мақсат-міндеттер.  Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Егіншілік".  Мақсат-міндеттер.  Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру; гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  "Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі."  Адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету.  Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасқа, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтауға</p>
---	---	---	--	---	---

<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>
--------------------------	---


<p>Серуен</p>	<p><b>Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.          Көбелектер, жәндіктер          Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер          Бау-бақшаға келуде.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін</p>	<p><b>Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпіркосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.  <i>"Жауын"</i>          - Жауын, жауын!          Жаума! Тын!          Жас балаларды Жаураттың.          Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты</p>	<p><b>Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.          - Дымқыл құм сазбалшықтай.          Қолға алмайсың қалай?          Қолға алса, домалатса - Болады құм бауырсақтай.  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің</p>	<p><b>Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту.          - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар?  <i>"Күлімдеген дөңгелектер"</i>.          - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер.          Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды сұхбатхананы</p>	<p><b>Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.          - Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы.          Тамаша.          Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.          "Құмырсқалар".          Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар.          Тыным жоқ-ау          Өздеріңде, Қызып алған          Кездеріңде          Тасисындар көрінгенді,</p>
---------------	---	---	---	--	--

<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
------------------------	---



<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Теңге ілу</b> Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды дөңгелек пішінді қағазды тең, екі жарты бөлікке бүктемелеу амалына бейімдеу; құлыншақ бейнесін қарындашпен жалын, көздерін, аузын салу арқылы толықтыруға дағдыландыру.</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Бұлттар" Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетін боршалар мен гуашь бояуы арқылы салынған сопақ және дөңгелек пішінді бұлттар бейнелерімен толтыруға үйрету.</p>	<p><b>Музыкадан ойын-жаттығу</b> "Бидай". Мақсат-міндеттер. Балаларды көңілді әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету.</p>	<p><b>Ұлттық ойын. Түйілген орамал</b> Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.</p>
---	--	---	--	--	---

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлдік ойыны.</b>          Мақсат-міндеттері.          Балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауды "үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпылауыш ұғымдарды бекіту, өзгелерге қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Жаз келді" өлеңін жаттау.</b>          Жайқалып жапырақ,          Құлпырып қызғалдақ.          Тұратын көз тартып,          Жаз келді күн шуақ.          Ж.Молдағалиев  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Түстер" атты мультфильмін көру.</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды түстерді ажыратуға, атауға қызықтыру.  <b>(сөйлеуді дамыту, музыка)</b></p>	<p>Жұмбақтардың шешімін табу.  <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту.</b>          "Жаз" (Ілияс Жансүгіров)          Жерің анау,          Жасыл жолақ кілемдей.          Желің мынау,          Жігіт айтқан өлеңдей.          Көлің анау,          Той ғып жатқан ауылдай.          Күнің мынау,          Елжіреген енеңдей.  <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b></p>	<p>Ата-аналарды спорттық шараларға қатысуға белсендіру.</p>	<p>"Менің әкем ең жақсы адам" фотогазеті.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес.          "Баланы ара шағып алса?".</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетінің бір апталық жасалған жұмыс туралы әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналармен балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.</p>

Тексерді:   
Оқу ісінің меңгерушісі: Алиманов А.Ж./Шокаева А.Т.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	Шағын орталық				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдырған»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Соспанова Ж.С.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29.05-31.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	29.05.2023	30.09.2023	31.05.2023		
Күн тәртібі					
Балаларды сабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолетпен сумен бүрку.	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.		

	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b>  "Кемпіркосақ суретімен танысу".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды табиғат құбылысы кемпіркосақ бейнесімен таныстыру, кемпіркосақ жөніндегі ұғымдар аясын кеңейту, қоршаған объектілердің түстері туралы білімдерді пысықтау.</p>	<p><b>Санамақтар айтқызу.</b>  Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,  Сейсенбіде серуен құрдық далада.  Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,  Бейсенбіде би биледік әндетіп.  Жұма күні жидек тердік қыратта,  Сенбі күні кино көрдік.  Жексенбіде үйде болып демалдық,  Осылайша өте шықты бір апта.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу.  <b>"Үздіксіз ізде"</b>  (іздеу) 10-15 секунд бойы балаға айналасынан түсі (өлшемі, пішіні, материалы және т.с.с.) бірдей мейлінше көп зат табуды ұсыну.  <b>(математика негіздері)</b></p>		
--	---	---	---	--	--

<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<b>Жалпы дамыту жаттығулары (заттарсыз)</b> Бастапқы қалып - аяқтары иық деңгейінде, қолдары кеуде алдында, шынтактары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген. Осы күйінде қолдарын айналдыру қимылдарын орындайды. Қолдарын кезек-кезек айналдырады. Бастапқы қалып - аяқтары сәл ашылған, қолдары артқа қарай жіберілген. Отырып, қолдарынмен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу және т.с.с. Бастапқы қалып - аяқтарын ашып отыру, қолдары артқа жіберілген. Еңкейіп аяқтарының ұштарына қолдарын тигізу, тік тұру, қолдарды артқа қарай жіберу, қайтадан алғашқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып - аяқтарын тік түзеп отыру, қолдарын артқа тіреу. Оң аяқты көтеру, түсіру. Сол аяқты көтеру, түсіру. Бастапқы қалып - аяқтарды қосу, қолдарын беліне қою. Өзінің айналасында екі аяқпен секіру. <b>(дене шынықтыру)</b>
---------------------------	---

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз.  <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз.  <b>(сөйлеуді дамыту және көркем</b></p>	<p><b>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы: педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, оқу қызметі және т.б.. Балалар кез-келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін басқа тәулік бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді. (мате</p>		
--	---	---	---	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Шынығамыз жазда".  Мақсат-міндеттер.  Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға жаттықтыру; орнынан ұзындыққа секіруге үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Жадырайды жанымыз".  Мақсат-міндеттер.  Балаларда бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; қимылды ойындар арқылы үлкен допты екі қолмен тордан өткізетін лақтыру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p><b>Музыка</b>  "Алақай, жаз келді!"  Мақсат-міндеттер.  Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.</p>	<p><b>Жазғы сауықтыру бағдарламасы.</b></p>	<p><b>Жазғы сауықтыру бағдарламасы.</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				



<p>Серуен</p>	<p>Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)          Мақсат-міндеттер.          Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.          - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала.          Көктем келді гүл алып,          Құстар келді жыр алып.          Қос білекті сыбанып,          Жүгірейік қуанып.          Ө.Тұрманжанов  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.  <b>(еңбек дағдылары)</b>          Мақсат-міндеттер:          балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;          тазалықты сақтауға</p>	<p>Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)          Мақсат-міндеттер.          Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру;          жәндіктердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру.          Көбелектер, жәндіктер          Ұшып қонды гүлдерге,          Нәрін татып, нәзіктер          Бау-бақшаға келуде.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b></p>	<p>Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)          Мақсат-міндеттер.          Балаларға құрғақ құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.          - Дымқыл құм сазбалшықтай.          Қолға алмайсың қалай?          Қолға алса, домалатса          Болады құм бауырсақтай.  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру.</p>		
---------------	---	---	---	--	--

<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p><b>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. <b>(математика негіздері)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>"Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p><b>"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. <b>(сөйлеуді дамыту, музыка)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту.</b> "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев) Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық.  Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>		
-------------------------------------	---	--	---	--	--

<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Отбасындағы балалардың музыкалық тәрбиесі.	"Жазда баланың демалысын қалай ұйымдастырасыз?" ата-аналарға кеңес.	Суреттер көрмесін ұйымдастыру.		
--	--	---	--------------------------------	--	--